



**КЕЛЕСЕМІН**  
**Жітіқара ауданының**  
**әкімі** Н. Өтегенов  
**2023 жылғы** » мамыр



**БЕКІТЕМІН**  
**«Костанай облысы әкімдігінін**  
**мәдениет баскармасы» ММ**  
**басшысы** Е. Қалмақов  
**2023 жылғы** » мамыр

**Ақсұлу Орысбайқызының 150 жылдығына арналған  
 «Айтыстың Ақсұлуы...» атты  
 облыстық ақындар айтысының  
 ЕРЕЖЕСІ**

- 2023 жыл, 20-21 маусым
- Жітіқара ауданы, МС

**Айтыстың мақсаты:**

- Айтыс өнерін мәдениетіміздің баға жетпес асыл мұрасы ретінде халыққа жан-жақты насиҳаттап, оның дамуына мемлекеттік деңгейде қолдау көрсету;
- Шебер сөз құрау мен жоғары деңгейдегі поэзия арқылы мемлекеттік тілдің арнасын кеңейтіп, дамыту әрі насиҳаттау;
- Талантты, дарынды жас ақындардың ақындық шеберлігінің шындала түсіп, көпшілікке танылуына мүмкіндік жасау;
- Ақсұлу Орысбайқызының шығармашылығын насиҳаттау.

**Айтыстың кезеңдері:**

- Айтысқа республика көлемінде кеңінен танылып жүрген, белгілі ақындар қатысады;
- Айтыс ақындары өзара тартылған жеребе арқылы жұптастырылады.
- Ақындарға 25 минут уақыт беріледі;
- Айтыс екі айналымнан тұрады. Іріктеу кезеңі, ақтық сайыс;
- Іріктеу кезеңінен жоғары ұпай алған ақындарға жүлделі орындар үшін ақтық сайыста айтысып өнер көрсетеді.

**Қазылар алқасы және бағалау:**

- Қазылар алқасының құрамы мәдениет және өнердің көрнекті қайраткерлерінен құралады;
- Қазылар алқасының шешімі түкпілікті және қайта қаруға жатпайды;
- Қазылар алқасының шешімі хаттамамен рәсімделеді және оның барлық мүшелері қол қояды;
- Қазылар алқасы айтыскерлердің өнерін он балдық жүйе бойынша бағалайды;
- Қазылар алқасы ақындардың сөз саптау шеберлігі дұрыс болмаған жағдайда тоқтатуға құқылы;

- Ақындардың үпайы тен болған жағдайда қазылар алқасының төрағасының дауысы шешуші болады.

### **Катысушыларға қойылатын талаптар:**

- Айтыскер ақынның сөз тапқырлығы мен көркем ойға құралған өлеңінің әуенге үйлесімділігі;
- Айтыскерге берілген уақытты тиімді пайдалануы, тақырыпты аша білуі;
- Қарсыласына ұтымды жауап қайтару шеберлігі;
- Сахна мәдениеті мен киім үлгісінің жарасымдығы.

### **Маралаттау:**

- Бас жүлде - 500 мың тенге;
- I орын - 300 мың тенге;
- II орын - 200 мың тенге;
- III орын – 100 мың тенге.
- Катысқаны үшін - 50 мың тенге (номинация бойынша)

Облыстық ақындар айтысының жүлдегерлері, ұйымдастыру комитетінің шешімімен ірітеліп, республикалық ақындар айтысына жолдама алады.

### **Отініштерді тапсыру шартары:**

Катысушының жіберетін құжаттары:

- Жеке куәлік көшірмесі;
- 2 суреті (электронды) 13x18 см ұлттық киім үлгісінде;
- 20 цифрлы банк есеп шоты;
- Ақындар жөніндегі мәліметпен байланыс телефондары.

Отініштер 20 күн бұрын жіберілуі тиіс.

Костанай қаласы, Лермонтов көшесі 15. Тел: 8 (7142) 56 01 29;  
e-mail: [hsb@ocsnt.kz](mailto:hsb@ocsnt.kz) жіберілуі қажет.

### **Жол шығындары:**

Жол шығындары мен жатын орны жіберуші жақтың есебінен.